

№ 21179

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық
портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін
сенімгерлік басқару туралы 2021 жылғы 19 ақпандағы №17/11/19-02-21/п
шарттың үлгі нысанына №2 қосымша келісім**

Алматы қ.

№17/2/18-01-23/П

«18» 01 2022ж.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы, Алматы қ. Әділет департаментінің Бостандық ауданының Әділет басқармасы берген 2013 жылғы 22 тамыздағы №15242-1910-АО мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, бұдан әрі «Қор» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы **Курманов Жанат Бостанович** арқылы,

Инвестициялық портфельді басқарушы «**ВСС INVEST**» акционерлік қоғамы - «**Банк ЦентрКредит**» АҚ еншілес ұйымы, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 2018 жылғы 10 шілдеде берген (қайта ресімдеген) №3.2.235/12 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия, бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) 030640007360, бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы **Шаяхметов Данияр Нұрмұхаметұлы** арқылы,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп атала отырып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 2021 жылғы 19 ақпандағы №17/11/19-02-21/п шарттың үлгі нысанына (бұдан әрі – Шарт) осы №2 Қосымша келісімді (бұдан әрі – Қосымша келісім) төмендегілер туралы жасады:

1. Шартқа мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 11-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«11. Қор:

1) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 35-1 бабының 5-ші және 6-тармақтарымен, сондай-ақ Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 8-бабының б) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидасымен және мерзімдерімен белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін Зейнетақы активтерін басқарушыға сенімгерлік басқаруға беруге;

2) Шарт жасалған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 199 қаулысымен бекітіліп, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8672 болып тіркелген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық

портфелінің құрылымы туралы мәлімет жариялау қағидасымен белгіленген тәртіппен Басқарушы туралы ақпарат орналастыруға;

3) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 27 қаулысымен бекітіліп, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22220 болып тіркелген Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидасымен айқындалған тәртіппен Басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын жеке есепке алуды жүзеге асыруға;

4) инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидасымен, сондай-ақ Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 8-бабының 7) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен меншікті капитал есебінен инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы өтеу қағидасымен белгіленген мерзімде және тәртіппен зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын есептеуге;

5) тиісті есеп айырысулар жүргізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің есептік құнын Басқарушымен салыстырып тексеруге;

6) Басқарушыға сенімгерлік басқаруға берілген зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу үшін кастодиан банкпен кастодиандық шарт жасауға;

7) Басқарушыға қол қоюға құқығы бар лауазымды тұлғалардың ауысқаны туралы, мекенжайлардың, байланыс деректерінің, БСН, Қордың банктік деректемелерінің өзгергені туралы осындай өзгерістер болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлауға;

8) Басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құнын Қор, Басқарушы және кастодиан банк арасында жасалған кастодиандық шартпен көзделген тәртіппен және мерзімде Басқарушымен және кастодиан банкпен салыстырып тексеруге;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 24 қаулысымен бекітіліп, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9274 болып тіркелген Зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидасына сәйкес бағалаушы жүргізген Басқарушының сенімгерлік басқаруындағы қаржы құралдарын бағалау нәтижесі туралы ақпаратты Басқарушыға және кастодиан банкке Қор қаржы құралдарын осы бағалауды алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде беруге;

10) брокерлік комиссиялар, биржалық алымдар төлеуге байланысты шығыстарды және бастапқы құжаттармен расталып, жасалған кастодиан шартқа сәйкес ай сайын үш жақты салыстыру актісімен тіркелетін Басқарушының зейнетақы активтерімен мәмілелері бойынша ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға байланысты басқа шығыстарын зейнетақы активтерінің есебінен төлеуге міндетті.»;

2) 13-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын:

«10) зейнетақы активтерімен мәмілелерді номиналдық ұстау, оларға қызмет көрсету және зейнетақы активтері есебінен сатып алған қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттарды жүргізу бойынша қызметтер көрсететін кастодиан банк ұсынған шоттарды, сондай-ақ Шарттың 11-тармағының 10) тармақшасымен көзделген шығыстарды қоспағанда, қызметтері зейнетақы активтерін басқару үшін қажет үшінші тұлғаларды тартуға байланысты шығыстарды төлеуге;»;

3) 13-тармақ мынадай мазмұндағы 25) тармақшамен толықтырылсын:

«25) ИПБ қаржы құралдарын қайта жіктеу туралы шешім қабылдаған қаржы құралдары бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 24 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидасының 29-тармағында көзделген қаржы құралдарын қайта жіктеу туралы өкімді қаржы құралдарын есепке алудың бір санатынан екіншісіне ауыстыру көзделіп отырған жұмыс күніндегі сағат 11:00-ден кешіктірмей Қорға және кастодиан банкке беруге міндетті.»;

4) 15-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«15. Басқарушы зейнетақы активтерін басқарғаны үшін ай сайын зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарудан алған инвестициялық табыстан 7 (жеті) пайыз мөлшерінде комиссиялық сыйақы алады.».

2. Шарттың қалған талаптарының барлығы өзгеріссіз қалады.

3. Қосымша келісім – Шарттың ажырамас бөлшегі.

4. Қосымша келісім Тараптар қол қойған соң БЖЗҚ-да тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

5. Қосымша келісім Тараптардың әрқайсысына 1 (бір) данадан заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей 2 (екі) дана етіп жасалды.

6. Тараптардың деректемелері және қолдары

Қор	Басқарушы
<p>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Алматы қ., Самал-2 ы/а, 97-үй, 13 т.е.ү., Samal Towers БО БСН 971240002115 БСК HSBKKZKX ЖСК KZ776010131000118840, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БЕК 15 телефон: +7(727)331-66-99</p>	<p>«BCC INVEST» акционерлік қоғамы - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы Алматы қ., Панфилов көш., 98 БСН 030640007360 ЖСК KZ508560000000476340 «БанкЦентрКредит» АҚ АҚФ-да БСК KSJBKZKX БЕК 15 телефон: +7 (727) 244-32-27</p>
<p> (қолы) <u>М.О.</u> М.О.</p> <p><u>Курманов Ж.Б.</u> (ТАӘ)</p>	<p> (қолы) <u>М.О.</u> М.О.</p> <p><u>Шаяхметов Д.Н.</u> (ТАӘ)</p>